5	<p>1.Студенттерді тәжірибеден өткізу <b>С.Ж.Байнахатов-оқу өндіріс шебері</b></p> <p>2. Құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. <b>Ә.Турағнова-арнаулы пән оқытушысы</b></p> <p>3. Ақпараттық технологияның информатика сабағында студенттердің өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға тигізетін әсері <b>Г.Ж.Абдибеков-информатика пән оқытушысы</b></p> <p>4.Жалпы білім беретін және арнайы пәндер бойынша I, II курс білім алушыларын мемлекеттік емтиханға және III курс білім алушыларын біліктілік емтиханға жіберу туралы. <b>К.А.Туралин-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары</b></p>	Мамыр
6	<p>1.Оқу –әдістемелік және тәрбие жұмыстарының негізгі қорытындысы <b>К.А.Туралин-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары</b> <b>М.Б.Мырзағали-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары</b> <b>С.А.Абдиганиева -әдіскер</b></p> <p>2.Біліктілік емтихандарды өткізу қорытындысы</p>	Маусым



	<p><b>С.Ж.Байнахатов-оқу өндіріс шебері</b> 3.Өткізілген педагогикалық кеңестердегі қабылданған қаулылардың орындалуы туралы <b>К.А.Туралин-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары</b></p>	
--	--	--

## 4.2 Оқу-әдістемелік кеңесінің жоспары

№ р/с	Іс-шара	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
<b>№1 Әдістемелік кеңес</b>			
1	Әдістемелік жұмыстың жылдық жоспары (мақсат, міндеттері)	<b>I отырыс Қыркүйек 2020 жыл</b>	<i>С.Абдиганиева -әдіскер</i>
2	Педагог қызметкерлерді аттестаттау туралы		<i>И.Б.Басжанова-кадр бөлімінің инспекторы</i>
3	Аттестация комиссиясының құрамын сайлау туралы		<i>С.Абдиганиева -әдіскер</i>
4	Жас мамандарға жетекші бекіту		<i>С.Абдиганиева -әдіскер</i>
5	Білім алушылардың білім сапасын көтерудегі аралық бақылау		<i>К.А.Туралин-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары</i>
6	Жалпы білім беру мен оларды кәсіби даярлауын жүзеге асыру мақсатында білім алушылардың өндірістік тәжірибене өтуі туралы		<i>С.Ж.Байнахатов-өндірістік оқыту шебері</i>
<b>№2 Әдістемелік кеңес</b>			
1	2020-2021 оқу жылына арналған оқытушылардың біліктілігін арттыру жоспарын талқылау және бекіту	<b>II отырыс Қараша 2020 жыл</b>	<i>С.Абдиганиева -әдіскер</i>
2	Жас мамандар жұмысына бағыт-бағдар беру		<i>С.Абдиганиева -әдіскер</i>
3	Студенттердің зерттеу жұмысын ұйымдастыру		<i>К.А.Туралин-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары</i>
4	Білім алушылардың білім сапасын көтерудегі I, II аралық бақылау		<i>К.А.Туралин-</i>
5	Әдістемелік бірлестік апталығының өту барысы, оқытушылардың сабақтарды өткізу барысы мен оқу құжаттарын толтыру		<i>С.Абдиганиева -әдіскер</i>
<b>№3 Әдістемелік кеңес</b>			
1	Оқытушылардың күзиреттілігінің диагностика қорытындысы	<b>III отырыс 2020 жыл Желтоқсан</b>	<i>С.Абдиганиева -әдіскер</i>
2	2020-2021 оқу жылының I жартыжылдығында мемлекеттік емтихан және емтихандарды қабылдау		<i>(Директордың ОІЖ орынбасары Қ.А.Туралин)</i>
3	Колледжішілік олимпиада		<i>С.Абдиганиева -әдіскер</i>
4	Дарынды және үлгерімі төмен студенттермен жүргізілген жұмысын тексерудің қорытындысы		<i>С.Абдиганиева -әдіскер</i>
5	Студенттердің ғылыми-жоба қорғауға дайындығы		<i>(Директордың ОІЖ орынбасары)</i>

			Қ.А.Туралин)
6	Әдістемелік материалдар басылымдарының жоспарын талқылау		С.Абдиганиева -әдіскер
<b>№4 Әдістемелік кеңес</b>			
1	ӘБ жетекшілерінің қорытынды есебін тыңдау (ӘБ жетекшілері Ж.С.Биханова, Н.С.Абдисаттаров, Б.К.Мырзатаева, Қ.С.Мопық)	<b>IV отырыс 2021 жыл қаңтар</b>	ӘБ жетекшілері
2	Жыл сайын өткізілетін педагогикалық оқылымдар мен ғылыми- тәжірибелік конференцияларға педагогтар мен оқушыларды дайындау мен оған қатысу туралы.		С.Абдиганиева -әдіскер
3	Колледж оқытушыларын аттестаттау бойынша жұмысты талдау.		С.Абдиганиева -әдіскер
<b>№5 Әдістемелік кеңес</b>			
1	2021-2022 оқу жылына талапкерлерден құжаттар және емтихан қабылдау, апелляциялық, конкурстық комиссиялар құрамын бекіту туралы	<b>V отырыс 2021 жыл наурыз</b>	С.Абдиганиева -әдіскер
2	Білім алушылардың білім сапасын көтерудегі III аралық бақылау		К.А.Туралин-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3	Кітапханамен бірлескен жұмыс. Колледждің кітапханасын қазақстандық басылымдармен толықтыру.		Колледж кітапханашысы-Боханова В.
4	Жалпы білім беру пәндері ЦӘК оқытушыларының сабақтарды өткізу сапасы мен оқу құжаттарын жүргізу.		С.Абдиганиева -әдіскер
<b>№6 Әдістемелік кеңес</b>			
1	Білім алушылардың білім сапасын көтерудегі IV аралық бақылау	<b>VI отырыс 2021 жыл Мамыр</b>	К.А.Туралин-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2	2020-2021 оқу жылы бойынша өтілетін жылдық емтихан және мемлекеттік емтихан өткізілу барысы		К.А.Туралин-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3	Жас оқытушы мектебінің жұмыс қорытындысы.		С.Абдиганиева -әдіскер
<b>№7 Әдістемелік кеңес</b>			
1	Оқу –тәрбие жұмысының жылдық қорытындысы	<b>VII отырыс 2021 жыл Маусым</b>	К.А.Туралин С.Абдиганиева
2	Сабақтарға өзара қатысуды орындау туралы.		С.Абдиганиева -әдіскер
3	Тамыз кеңесіне оқытушылардың жұмысын дайындау		С.Абдиганиева -әдіскер
4	Тәрбие жұмысының жылдық диагностика мен мониторинг қорытындысы		М.Б.Мырзағали
5	ӘБ жетекшілерінің қорытынды есебін тыңдау		ӘБ жетекшілері
6	2021-2022 оқу жылының оқу жұмыс- жоспарларына алға қойған міндеттер		С.Абдиганиева -әдіскер

### 4.3 Оқу жұмысының жоспары

№ р/н	Атауы	Күнтізбелік мерзімдері	Индикаторла р/ соңғы нәтижесі	Жауаптыла
	<b>Бөлімі I. Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру және қамтамасыз ету</b>			
1	ҚР «Білім туралы» Заңын, ҚР Үкіметінің Қаулыларын, Білім беру басқармасы мен ҚР білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарды, бұйрықтарды және нұсқаулықтарын зерделеу және жүзеге асыру.	Жыл ішінде	ҚР БҒМ бұйрықтары	Басшының ОІ жөніндегі орынбасары
2	2019-2020 оқу жылы бойынша оқу ісі бойынша есеп жазу	тамыз – қыркүйек		Басшының ОІ жөніндегі орынбасары
3	Жаңа оқу жылына оқу үрдісінің кестесін құрастыру	тамыз		Басшының ОІ жөніндегі орынбасары
4	Колледждің жұмыс жоспарын құрастыруға қатысу (оқу жұмысы бөлімі)	тамыз		Басшының ОІ жөніндегі орынбасары
5	Оқу жылына педагогикалық кеңестің жұмыс жоспарын құрастыруға қатысу	Қыркүйек-қаңтар		Басшының ОІ жөніндегі орынбасары
6	Орындаудың тең мүмкіндіктерін ескере отырып оқытушылардың педагогикалық жүктемелерін бөлу	Оқу үрдісінің кестесіне сәйке		Басшының ОІ жөніндегі орынбасары
7	Тарификацияны құрастыру. Оқу сабақтарының кестесін, факультатив сабақтарын құрастыруға қатысу, сабақ кестесін түзету, бақылау және сынақ жұмыстарды өткізу жоспарларын келісу.	тамыз	тарификация	Басшының ОІ жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушіле рі
8	Оқытушыларды нормативтік құжаттармен, әдістемелік ұсыныстармен, қамтамасыз ету, оқытушыларға оқу-жоспарлау құжаттарды құрастыру бойынша көмек көрсету.	Қыркүйек-қаңтар	Бұйрықтар	Басшының ОІ жөніндегі орынбасары, әдіскер

9	Емтихан, сынақтарды (семестрлік және қорытынды), бітіру біліктілік емтихандарын кестелерін құрастыру.	Оқу үрдісінің кестесіне сәйкес		Басшының ОІ жөніндегі орынбасары
10	Оқыту сапасы: а) оқыту пәндерінің оқыту жағдайын талдау; б) сабақтарда оқытуды оптимизациялау тәсілдерін пайдалану; в) пәндер бойынша білім алушылардың дайындық деңгейін тексеру мақсатымен білімдерінің бақылау үзіктерін талдау; г) белгіленген емтихан сессияларының, сынақтардың, бақылау жұмыстарының қорытындыларын талдау; е) «жақсы» және «өте жақсы» оқитын білім алушыларды сынақ тапсырудан (білімнің рейтингтік бағасы) босату бойынша жұмысты ұйымдастыру	Жылдық оқу-тәрбие үрдісін бақылау кестесіне сәйкес		Басшының ОІ жөніндегі орынбасары
11	Әдістемелік жетекшілерін, кабинет меңгерушілерін тағайындау	Тамыз-қыркүйек		Басшының ОІ жөніндегі орынбасары
12	Оқу құжаттарының жүргізілуіне бақылау: журналдар, емтихан ведомостары, білім алушылардың үлгерім кітапшалары	Ай сайынғы		Басшының ОІ жөніндегі орынбасары
13	Әдістемелік жетекшілерінің жұмыс жоспарларын бекіту	Тамыз-қыркүйек	ПК хаттамасы	Басшының ОІ, әдіскер
14	Білім алушылардың ағымдық, аралық және қорытынды білімдерін бақылауларын тексеру және талдау	Жыл ішінде		Басшының ОІ жөніндегі орынбасары
	<b>Бөлім II. Педагогикалық кадрлармен жұмыс, әдістемелік шеберліктерін арттыру</b>			
1	Оқытушылардың пәндер бойынша конкурстарға, олимпиадаларға, қалалық, облыстық және республикалық секциялардың жұмысына қатысуларын бақылауды жүзеге асыру	уақытылы		Басшының ОІ жөніндегі орынбасары, әдіскер
2	Әдістемелік бірлестік жұмыс жоспарларын құрастыруда көмек көрсету, жұмыстарына басшылық пен бақылау жүргізу	Оқу жылы ішінде	жоспар	Басшының ОІ жөніндегі орынбасары, әдіскер
3	Нұсқаулықтарға сүйене отырып оқытушылардың өз күштерімен оқу жұмыс жоспарларын құрастырулары бойынша кеңес беру және оны білім беру қызметінде пайдалану	Тамыз – қыркүйек, оқу жылының ағымы		Басшының ОІ жөніндегі орынбасары

4	Ашық сабақтардың кестесіне сәйкес ашық сабақтардың дайындалуын және талдауын жоспарлау	Кесте бойынша	Өзара қатысу	ОІ жөніндегі орынбасары, әдіскер
5	Сабақтарға өзара қатысу талдауларын өткізу	Қаңтар - маусым		ОІ жөніндегі орынбасары, әдіскер
6	Оқытушылардың біліктіліктерін арттыру бойынша жұмыс	Жыл ішінде		ОІ жөніндегі орынбасары, әдіскер
<b>Бөлім III. «Оқу-материалдық базасын нығайту»</b>				
1	Қажетті әдістемелік және оқыту әдебиеттерін сатып алу	Жыл ішінде, оқытушылардың өтініштері бойынша		кітапханашы
2	Оқытушылар атына кабинеттерді бекіту, материалдық жауапкершілік туралы келісім жасасу	Тамыз-қыркүйек	Мемлекеттік сатып алу бойынша бұйрықтар, келісім шарттар	ОІ жөніндегі орынбасары, әдіскер
3	Кабинеттердің байқау-конкурстерін өткізу	Қаңтар, маусым		ОІ жөніндегі орынбасары, әдіскер
<b>Бөлім IV. «Білім алушылармен және атааналармен жұмыс»</b>				
1	1 курс студенттерінің жеке істерін қарау	қыркүйек	Жеке қағаздары	ОІ жөніндегі орынбасары
2	Пәндер бойынша олимпиадаларды өткізу және талдау	ақпан		ОІ жөніндегі орынбасары, әдіскер
3	Ерекше бақылауды талап ететін білім алушылармен жеке жұмыс	Жыл ішінде		
4	Оқу үрдісінің мәселелері бойынша ата-аналар жиналыстарын өткізуге көмектесу.	Жылына екі рет	анықтама	Басшының ОІ, ТІ жөніндегі орынбасарлары
5	Білім беру басқармасына және облыстық статистика департаментіне жылдық есептерді дайындау	уақытылы		Басшының ОІ жөніндегі орынбасары
6	Жаңадан қабылданған білім алушылардың бейімделуі	Қыркүйек, жыл	жоспар	Басшының ОІ

	(болашақ кәсіби қызметтің негіздерімен танысу – оқу жоспарлары, жеке істері бойынша білім алушыларды тану, оқу үрдісін ұйымдастыру )	ішінде, қажеттілігіне қарай жоспар		жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері
7	Сабақтарға қатысу (оқытылатын пәндер, топтар, курстар бойынша сабақтарға қатысу талдауларын жасау, академиялық қарызы үшін, басқа оқу орнына ауысу оқу орнынан шығару және сабақтарға қатысу арасындағы өзара байланыстың барын бекіту)	Оқудың бірінші және екінші семестрлерінің қорытындылары	анықтама	Басшының ОІ жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері
8	Оқудан шығатын білім алушылар (бұйрықтар бойынша оқудан шығып қалған білім алушылар санын тексеру, алған мәліметтерді оқыту сабақтарының ақпаратымен салыстыру, топтар, курстар, себептер бойынша оқудан шығару талдауын жасау, бітіруші курстарда шығып қалғандар бойынша талдау)	Уақытылы, 1-2 семестрде		Басшының ОІ жөніндегі орынбасары
9	Топтар, курстар, себептер бойынша контингент қозғалысы: а) қайта келу (дәлелдемесі); б) академиялық демалыстар ұсыну (қажетті құжаттардың бар болуы); в) оқудан шығудың себептері; г) білім алушылар контингентінің қозғалысын бұйрықтарда, топ журналдарында, бұйрықтар кітабында тексеру	Уақытылы, 1-2 семестрде		Басшының ОІ жөніндегі орынбасары

#### 4.4. Оқу-өндірістік жұмыстың жоспары

№ Іс-	Іс-шаралар	мерзімдер	жауаптылар	Аяқтау нысаны
	<b>1. Ұйымдастырушылық жұмыс</b>			
1	2019-2020 оқу жылының оқу-өндірістік жұмысы бойынша есебі	2020 ж. маусым	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Есеп
2	Кабинеттердің, шеберханалардың жаңа оқу жылына әзірлігі: <ul style="list-style-type: none"> <li>• Санитарлық жағдайлары;</li> <li>• Оқу-бағдарламалық құжаттама;</li> <li>• Жабдықтар және құрылғылар;</li> <li>• Оқу-әдістемелік әдебиеті</li> </ul>	Тамыз, қыркүйек	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары,	Кабинет меңгерушілері Кәсіби оқыту шебері Кабинеттердің төлқұжаттары, кабинеттердің аттестатталуының хаттамасы
3	ОТШ білдектердің мен жабдықтарды жөндеу және тексерістен өткізу кестесін әзірлеу	Қыркүйек	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары, шеберхана меңгерушісі	Кесте
4	Кабинеттер мен жабдықтардың жағдайына бақылау жүргізу	Ай сайын	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Тексеріс бойынша акті
5	2020-2021 оқу жылына арналған оқу-өндірістік жұмыс жоспарын реттеу	тамыз	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Жұмыс жоспары
6	2020-2021 оқу жылына арналған өндірістік және оқу тәжірибелерінің кестесін құрастыру және бекіту	тамыз	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Тәжірибеде н өту кестесі
7	2020-2021 оқу жылына арналған әлеуметтік	Қыркүйек. қараша	Басшының ОӨІ жөніндегі	Келісім шарттар



	серіктестермен келісім шарттар жасасу		орынбасары	
8	Кәсіпорындарда және оқыту шеберханаларында оқу, өндірістік тәжірибелерге бақылау жүргізу	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Бақылау кестесі, есеп
9	Колледж оқытушыларының базалық кәсіпорындарда тағыламдамалардан өту кестелерін құрастыру.	Қыркүйек қазан	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Кесте
10	Тәжірибеден өту орындарына бару кестесін құрастыру	қыркүйек	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Кесте
11	Колледжде ҚТ, еңбек қорғау бойынша ішаралардың орындалуын бақылау	тұрақты	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	ҚТ бойынша журналдар
12	Өндірістік тәжірибелердің күнделіктері мен есептерін тексеру, өндірістік оқыту бойынша негізгі құжаттардың жүргізілуін бақылау	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Анықтама
13	ҚТ және колледждің оқу-өндірістік шеберханалары мен зертханалар үшін нұсқаулықтар бойынша стендті рәсімдеу	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	ҚТ бойынша стенд
14	Слесарлық, өндірістік оқытудың механикалық шеберханасын құралсаймандармен, оқу-әдістемелік материалдармен және қажетті заттармен жабдықтау және т.б.	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	ақпарат
15	Тәжірибелік оқыту және арнайы пәндер бойынша сабақтарға қатысу	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Сабақтарға қатысудың бақылау парағы
16	Білім алушылардың кәсіби тәжірибелерін ұйымдастыру, оқу-өндірістік үрдістің тиімділігін арттыру сұрақтары бойынша әлеуметтік серіктестіктер кәсіпорындарының	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Хаттама

	өкілдерімен кеңес өткізу.			
	<b>2. Дипломдық жобалауды ұйымдастыру және мамандарды шығару</b>	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	
1	Колледж мамандықтары үшін дипломдық жобалау бойынша стендтерді рәсімдеу	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	ЦӘК хаттамасы, колледж бойынша бұйрық
2	Дипломдық жобалау жетекшілерін таңдау	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	ЦӘК отырыстарының хаттамасы
3	Дипломдық жобалау тақырыптарын әзірлеу	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Бұйрық
4	Тақырыптарды бекіту және жобалау жетекшілерін тағайындауға бұрықтар дайындау	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Кесте
5	Дипломдық жобалау бойынша консультациялардың кестесін құрастыру	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Хаттама
6	Дипломдық жобалауды ұйымдастыру сұрақтары бойынша білім алушылармен және жетекшілермен жиналыстар мен кеңестер өткізу	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	
7	Мемлекеттік (қорытынды) аттестацияға дайындық, жұмысқа орналасу сұрақтары бойынша бітіруші топ студенттерімен және білім алушылармен әңгімелесу	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	
8	Бітіруші топ студенттерінің сертификациядан өтулеріне дайындау	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	
9	Сертификацияны ұйымдастыру және өткізу Қ	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Сертификацияны тапсыру, консультациялар кестес

10	Жұмыс мамандығын, разрядтарды алу бойынша емтихан тапсыру бойынша біліктілік комиссиясының жұмысы	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	
12	Мамандарды шығаруға байланысты салтанатты іс-шара ұйымдастыру	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	
13	2021 жылы оқуды аяқтаған студенттерге жұмысқа орналасу мәселесі бойынша көмек көрсету мақсатымен іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	
	<b>3. Тәжірибелік оқытуды ұйымдастыру</b>	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	
1	Білім алушыларды оқу және өндірістік тәжірибелерге жіберу туралы бұйрық	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Бұйрықтар
2	Тәжірибені ұйымдастыру сұрақтары бойынша тәжірибе жетекшілерімен және білім алушылармен ұйымдастырушылық жиналыстар өткізу	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Әдістемелік нұсқаулықтар
3	Өндірістік тәжірибелерді өткізу барысына бақылау жүргізу	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Тәжірибе бойынша нұсқаулық
4	3 курс білім алушылары үшін тәжірибе қорытындылары бойынша жұмыс кәсібін алу үшін конференциялар өткізу	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	
5	Өндірістік оқытуды ұйымдастыру сұрақтары бойынша білім алушылармен және олардың ата-аналарымен жеке әңгімелесу	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Әңгімелесу хаттамалары
6	Мамандықтар бойынша білім алушылар арасында кәсіби шеберлік конкурстарын	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	

	өткізуге дайындық аясында іс-шаралар жоспарын әзірлеу.			
7	Зертханалық-тәжірибелік жұмыстарды орындау кезінде және оқу-өндірістік шеберханаларында еңбекті қорғау және ҚТ бойынша іс-шаралардың сақталуына бақылау жүргізу	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	
8	Өндірістік тәжірибе жетекшілерінен есептер қабылдау.	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	
9	Біліктілік арттыру бойынша тағылымдамадан өтуді ұйымдастыру және өткізу	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	
10	Әлеуметтік серіктестікті дамыту және ынтымақтастық сұрақтары бойынша дөңгелек үстел өткізу	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Хаттама
11	Мамандық бейіні бойынша жұмыс берушілердің кәсіпорындарында және ұйымдарда колледж білім алушыларының жұмысқа орналасу мониторинг	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Жұмысқа орналастыру бойынша есеп
12	Таныстыру және оқу тәжірибесі кезінде өндіріске экскурсия ұйымдастыру	Жыл ішінде	Басшының ОӨІ жөніндегі орынбасары	Ақпарат

## 4.5 Оқу-әдістемелік жұмысының жоспары

**Миссия** – нарық талаптарына сәйкес дайындықтың жоғары сапасын көрсете алатын техникалық және технологиялық бейіндегі бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.

**Көзқарас**- қоғам және жұмыс беруші талаптарына жауап беретін, жоғары технологиялық өнеркәсіп салалары қажеттілігі үшін кәсіби және бәсекеге қабілетті мамандар даярлау бойынша Қазақстанда және халықаралық білім беру кеңістігінде танымал болу.

### **Стратегиялық міндеттер:**

Стратегиялық менеджмент жүйесін сапалы біліммен дамыта отырып, технологиялық колледж белгілейді:

- Ауылшаруашылық механика, газ аймақ, тамақ саласы үшін білікті мамандар даярлауда танымал көшбасшы болу;
- колледждің білім беру, мәдени және әлеуметтік қызметінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін инфрақұрылым мен материалдық-техникалық базасы жетілдіру;
- аймақ және республика еңбек нарығының сұранысын мейлінше толық қанағаттандыру мақсатында колледж түлектерінің кәсіптік білім деңгейі мен кәсіпкерлік дағдыларын қалыптастыру;
- "Мәңгілік Ел" Жалпыұлттық патриоттық идеясы және салауатты өмір салты мәдениетінің рухани-адамгершілік құндылықтарын нығайтуға жәрдемдесу;
- колледждің инженер-педагог қызметкерлері мен қызметкерлерінің кәсіби жетілу мен өзін-өзі танытуға, білім деңгейін арттыруға, шығармашылығын дамытуға оңтайлы жағдай жасалуын қамтамасыз ету.

## **Колледждің бірыңғай әдістемелік тақырыбы:**

«Бәсекеге қабілетті мамандардың кәсіби құзыреттілігін көптілділік элементтерін енгізу жағдайында қалыптастыру»

**Ұжымның басты міндеттері** – Мамандықтың үлгілік оқу жоспары, заманауи нарықтың талаптары, бәсекеге қабілетті маманның тұлғасының талаптарына сәйкес кәсіби даярлықты қамтамасыз етуге жағдайларды құру.

1.Технологияларды енгізу, оқу процесіне оқу-әдістемелік, дидактикалық материалдарды және оқытудың ақпараттық технологияларының бағдарламалық жасақтамасын енгізу негізінде оқу сабақтарын өткізудің сапасын арттыру.

2.Білім алушылар мен педагогтерге зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін іске асыру үшін қажетті қызмет саласын ұсыну, үздіксіз өз бетінше білім алу қажеттілігін, белсенді азаматтық ұстанымды, денсаулық мәдениетін, әлеуметтік бейімделу қабілетін қалыптастыру.

3.Болашақ мамандардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және жеке тәсіл негізінде олардың кәсіби дайындық деңгейін арттыру.

4.Өзіндік шығармашылық қызметті күшейту, студенттердің түрлі деңгейдегі конкурстарға, олимпиадаларға, конференцияларға қатысуының нәтижелілігін арттыру.

5.Өзін-өзі басқару органдарын, жастар орталықтарын, клубтарды құру жолымен білім алушылардың өзіндік қызметін дамыту үшін колледжде жағдай жасау.

## **Колледждегі әдістемелік қызмет**

Үйлестіру органы – Әдістемелік кеңес

### **I.Жас оқытушылар үшін (педагогикалық өтілі 3 жылдан кем)**

1. Жас педагог мектебі

2. Педагогикалық шеберлік мектебі

3. Тәлімгерлік

#### **Жоғары, бірінші, екінші санаты бар педагогтар үшін**

Шығармашылық топтарда жұмыс жасау

Педагогикалық тәжірибені жалпылау мен тарату

**Әдістемелік кабинет жұмысының міндеті:** педагогикалық ұжымға педагогикалық шеберлікті жетілдіруде, бейнесабақтар жасауда әдістемелік көмек көрсету, қашықтықтан білім беру технологияларын дамыту, әдістемелік ұсынымдар, әдістемелік әзірлемелер, авторлық бағдарламалар, оқу құралдары, пән бойынша мазмұнды ОӘК, білім

алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары, оқытушылардың мақалалары.

Іс-шара	Орындау мерзімі	Нәтижесі	жауаптылар
<b>1. Ұйымдастырушылық сұрақтар</b>			
1.Материалдарды, әдістемелік әзірлемелер, баяндамалар, ашық сабақтарды дайындау мен жинау бойынша жұмыстарды жалғастыру.	Жыл бойы	Шығармашылық материалдар: әдістеме құралы, ашық сабақтар жоспары	Әдіскер, ӘБ жетекшілері
2. Өздігінен білім алу тақырыбы бойынша оқытушылар жеке жұмысының нәтижелерін дайындау мен жинақтау бойынша жұмысты жалғастыру.	Жыл бойы	Оқытушылардың Е-Портфолиосы (электронды портфолио)	Әдіскер, ӘБ жетекшілері
3. Оқытушылар мен ӨО шеберлерінің бейне сабақтарының банкін құру	Жыл бойы	Бейнесабақтар банкі, платформасында, колледж орналастыру	"Platonus" сайтында Әдіскер, ӘБ жетекшілері
<b>2. Оқытушылардың біліктілігін арттыру бойынша жұмыс</b>			
1.Оқытушыға көмек ретінде келесілер бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу: - жұмыс бағдарламаларын құрастыру бойынша; - қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану бойынша; - дипломдық және курстық жобалардың тақырыптарын құрастыру бойынша; - бейнесабақтарды құру бойынша. -оқытушылардың оң тәжірибесін зерттеу	Жыл бойы	Әдістемелік ұсынымдар	Әдіскер, ӘБ жетекшілері
2.Е-портфолионы толтыру бойынша жұмыс.	Ай сайын	Толтырылған портфолио орындары	Әдіскер, ӘБ жетекшілері оқытушылар, ӨО шеберлері
3.Оқытудың заманауи технологияларын енгізу	Жыл бойы	Сабақтарда жаңа технологияларды қолдану	Әдіскер, ӘБ жетекшілері,

			оқытушылар, ӨО шеберлері
4. Ашық сабақтарды өткізу, жас оқытушыларды ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларды өткізу және талқылауға тарту.	Жеке жоспар бойынша	Ашық сабақтардың әдістемелік әзірлемелері, сабақ талдауы	Әдіскер, ӘБ жетекшілері
5. Психологиялық-педагогикалық семинар-практикумдар.	Ай сайын	Семинар хаттамалары, материалдар, әдістемелік әзірлемелер, колледж сайтына ақпарат	Басшының ТІЖ орынбасары, әдіскер, психолог
<b>3. Озық педагогикалық тәжірибені насихаттау</b>			
1. Циклдік әдістемелік комиссиялардың шығармашылық есептері	мамыр	ӘБ есептері, құжаттарын жинақтау	Әдіскер, ӘБ жетекшілері
2. Оқытушылардың ашық сабақтары (ашық сабақтарды өткізу жоспарына сәйкес)	Жыл бойы	Сабақтардың әдістемелік әзірлемелері	Әдіскер, басшының ОІЖ орынбасары
3. Оқытушыларды аттестаттау	Жыл бойы	Аттестаттау материалдары	Әдіскер, Басшының ОІЖ орынбасары
4. Оқытушылар тәжірибесін талдап қорыту	Жыл бойы	Тәжірибені баяндау, шығармашылық есептер	ӘБ жетекшілері
<b>4. Оқытушылар мен студенттердің ғылыми-әдістемелік және зерттеу қызметі</b>			
1. Студенттердің ғылыми қауымдастығын құру	Қыркүйек-қазан	студенттердің түрлі деңгейдегі конкурстарға, олимпиадаларға, конференцияларға қатысуы	Әдіскер, ӘБ жетекшілері оқытушылар, ӨО шеберлері
2. «WorldSkills» аймақтық чемпионат бойынша студенттермен жұмыс	Жыл бойы	Білім алушылардың мамндыққа деген қызығушылығын арттырып, кәсіпкерлік қызметін дамыту	Әдіскер, ӘБ жетекшілері оқытушылар, ӨО шеберлері



## 4.6 Оқу-тәрбиелеу жұмысының жоспары

**Мақсат:** Бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау үшін жағдай жасау, студенттердің шығармашылық белсенділігін дамыту, туындаған мәселелерді өздігінен шешу және үздіксіз өзін-өзі жетілдіру қабілетін дамыту

### **Міндеттер:**

- 1) жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті патриот пен азаматтың қалыптасуына ықпал ету; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру; жастардың құқықтық санасының өсуі, олардың жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға әзірлігі.
- 2) рухани-адамгершілік және этикалық принциптерінің, оның моральдық қасиеттері мен мақсаттарының қазақстандық қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету
- 3) жеке тұлғаның жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бейімделуіне, қазақ халқының, Қазақстан Республикасының, этностардың және этностық топтардың ана тілін және мәдениетін құрметтеуге ықпал ету
- 4) ата-аналарға студент тұлғасын қалыптастыруда олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыруда, олардың тәрбиеге деген жауапкершіліктерін арттыруда білім беруге ықпал ету.
- 5) Еңбек дағдыларын, тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіптік өзін-өзі айқындауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экологиялық мәдениетті, сондай-ақ эволюцияға идеяларды қабылдау және күнделікті өмірде оларды басшылыққа алу қабілетін дамыту.
- 6) әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және әр тұлғаның дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
- 7) колледжде көп мәдени орта құруға ықпал ету, жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, игеруге, бағалауға дайындығын дамыту.
- 8) салауатты өмір салты дағдыларын тиімді қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру.

### **ТӘРБИЕЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:**

- жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
- рухани-адамгершілік тәрбие
- ұлттық тәрбие
- Отбасылық тәрбие
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие
- дене тәрбиесі, салауатты өмір салты
- интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
<b>Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие</b>				
<i>Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалды қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.</i>				
1	«Ата Заңым- айбыным»	тәрбие сағаты	Топ кураторлары	қыркүйек
2	«Зорлық зомбылықсыз балалық шақ»	сауалнама	Психолог А. Досмуратов	қараша
3	«Құқықбұзушылықтың алдын алу- басты міндет»	КТІЖИ кездесу	ТІЖО М. Мырзағали	қазан
4	«Елорданы еңселеткен- Елбасы»	тәрбие сағаты	Топ кураторлары	қараша
5	«Желтоқсан- Тәуелсіздіктің ұлы рухы»	дөңгелек үстел	Кітапханашы В. Боханова	желтоқсан
6	«Ұрпағы ұлықтаған- Ұлы Жеңіс»	мерекелік шара	ТІЖО М. Мырзағали	мамыр
7	Патриоттық тәрбиеге бағытталған аудандық, облыстық, республикалық шараларға қатысу	іс-шара	ТІЖО М. Мырзағали	жыл бойы
8	Салтанатты іс-шараларды өткізу кезінде мемлекеттік рәміздерді қолдану	салтанатты жиын	ТІЖО М. Мырзағали	уақытында
9	«Рәміздерім- мақтанышым»	тәрбие сағаты	Топ кураторлары	маусым
<b>Рухани-адамгершілік тәрбие</b>				
<i>Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын,</i>				

*оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы "Рухани жаңғыру" құндылықтары негіздерінің, оның ішінде "Құндылықтарға негізделген білім беру", "Қоғамға қызмет" жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру.*

1	«Қарттарым- асыл қазынам» колледж ардагерлерін ұлықтау	құттықтау	ТДЖО М. Мырзағали	қазан
2	Рухани келісім күні – тұрақтылықтың іргетасы	бейне көрсетілім	Кітапханашы В. Боханова	қазан
3	«Рухани жаңғыру: туған жердің тарихы мен тағылымы»	көрме	тарих пән оқытушысы Қ. Әбдіханов	қаңтар
4	«Қазіргі әлемдегі діни ахуал»	Теологпен кездесу	ТДЖО М. Мырзағали	ақпан
5	«Бірлігіміз жарасқан»	ұлттар көрмесі	Топ кураторлары	мамыр
6	«Қайырымдылық аптасы»	кар тазалау жұмыстары	жатақхана тәрбиешісі Г.Жақып	ақпан
7	«Жомарт жүрек»	қайырымдылық шарасы	ТДЖО М. Мырзағали	уақытында

#### **Ұлттық тәрбие**

*Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.*

1	«Тіл мәртебесі- ел мәртебесі»	тәрбие сағаты	Топ кураторлары	қыркүйек
2	«Ұлы тұлға- Әл-фараби»	музейге саяхат	тарих пәні оқытушысы Қ. Әбдіханов	желтоқсан
3	«Қазақ даналарының ғибратты сөздері»	кездесу	«Аңсар» ақпараттық ұйымы	уақында
4	«Қош келдің, Өз Наурыз»	мерекелік	Топ	наурыз

		қойылым	кураторлары	
5	«Зұлмат жылдар зобалаңы»	танымдық сағат	аудандық ішкі саясат бөлімі маманы	мамыр
<b>Отбасылық тәрбие</b>				
<i>Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.</i>				
1	Колледждегі ата- аналар комитетінің мүшелерін жаңарту, шараларға қатыстыру	кездесу	ТІЖО М. Мырзағали	қыркүйек
2	«Ата-ана, студент және колледж»	ата- аналар жиналысы	Топ кураторлары, ө/ о шеберлері	қазан
3	«Сіз қандай ата- анасыз?»	сауалнама	Психолог А. Досмуратов	қараша
4	Колледждің ішкі есебінде тұрған білім алушылардың отбасыларына жеке бару	үй аралау	Топ кураторлары, ө/ о шеберлері психолог, инспектор	уақытылы
5	Полиция өкілдерінің қатысуымен балалардың тәрбиесі үшін жауапкершілікке және міндеттілікке арналған ата-аналар жиналысы	ата- аналар жиналысы	Топ кураторлары, ө/ о шеберлері КТІЖИ	қаңтар
6	«Отбасы- тәрбиенің баспалдағы»	ата-аналарға кеңес, жеке әңгіме, пікірлесу	Психолог А. Досмуратов	жыл бойы
7	«Отбасым- берекем»	бейнекөрсетілім	ЖДЖК	мамыр
8	II-жарты жылдықтағы ата-	ата- аналар	Топ	мамыр- маусым

	аналармен қорытынды жиналыс	жиналысы	кураторлары, ө/ о шеберлері	
9	Жыл бойы белсенділік көрсеткен ата- аналарды «Алғыс» жариялау	марапаттау	ТІЖО М. Мырзағали	маусым
<b>Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие</b>				
<i>Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.</i>				
1	«Адалдық сағаты» сыбайлас жемқорлықты болдырмау	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің онлайн сабағы	«Саналы ұрпақ» клубы жетекшісі	қыркүйек
2	«Теңге- тәуелсіздік келбеті»	хабарлама	ЖІЖК	қараша
3	Қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері	ережемен танысу	Топ кураторлары	қаңтар
4	«Студенттік көктемім»	табиғи серуен	Студенттік кеңес	сәуір
5	«Таза аула- таза елім»	сенбілік жұмыстары	Топ кураторлары, ө/ о шеберлері	уақытында
6	«Бір тал кессең, он тал ек»	абаттандыру, гүлдендіру	жатақхана тәрбиешісі Г. Жақып	уақытында
<b>Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу</b>				
<i>Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.</i>				
1	«Қауіпсіз интернет»	тәрбие сағаты	Топ кураторлары	қазан
2	«Интернетсіз 1 күн»	акция	ЖІЖК	қаңтар
3	«Жыр алыбы- Жамбыл»	виртуалды кітап	кітапханашы	сәуір

		көрмесі	В.Боханова	
4	«Бауыржан Момышұлы-батыр тұлға»	викториналық ойын	ТІЖО М. Мырзағали	мамыр
5	«31 мамыр- саяси қуғын сүргіндер құрбанын еске алу»	хабарлама	ТІЖО М. Мырзағали	мамыр
<b>Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие</b>				
<i>Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру.</i>				
1	«Ұстаз- ұлы тұлға»	құттықтау бейнеролигі	ТІЖО М. Мырзағали	қазан
2	«Әзілкештер елінде»	КТК ойындары	ЖІЖК	сәуір
3	«Алғыс- шын жүректен, кең көңілден шығады»	пікірлесу	кітапханашы В.Боханова	наурыз
4	«Ана аты ұлылық»	мерекелік кеш	ТІЖО М. Мырзағали	наурыз
5	«Жігіт сұлтаны»	сайыс	ЖІЖК	мамыр
6	Көшбасшылық, жалпыұлттық, еріктілер, жастар қозғалысының акция, іс шараларына қатысу	іс-шаралар	ТІЖО М. Мырзағали	уақытында
7	«Ақ жол Сізге, жас түлек»	жиын	Топ ө/о шеберлері	маусым
<b>Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты</b>				
<i>Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру.</i>				
1	«Коронавирустық инфекциядан сақтану	қауіпсіздік ережелерімен	медбике Г. Ауезова	қыркүйек

	шаралары»	танысу		
2	«Нашақорлықты болдырмау, алдын алу және оның зардаптары»	онлайн кездесу	ТІЖО М. Мырзағали	қыркүйек
3	«Қыз балалар денсаулығы және ерте жүктіліктің алдын алу»	дәрігермен кездесу	медбике Г. Ауезова	қараша
4	«Темекі, алкогольді сусын, есірткінің зияны»	ақпараттық жұмыстар	ЖІЖК	уақытылы
5	«Мен өмірді сүйемін» жасөспірімдер арасында суицидті болдырмау	психологиялық тренинг	психолог А. Досмуратов	желтоқсан- ақпан
6	Колледждегі спорттық секциялардың өткізілуі, студенттер мен педагогтар арасында спорттық сайыстарды ұйымдастыру	спорттық сайыс	дене шынықтыру пән оқытушылары М. Жубатов, А.Кыдралин	жыл бойы
7	«Дүниежүзілік денсаулық күніне «Көңілді мәре»	жарыс	дене шынықтыру пән оқытушылары М. Жубатов, А.Кыдралин	сәуір



## 4.7 Колледжішілік бақылаудың жоспары

### МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ

#### 1. Колледжішілік бақылаудың мақсаты:

Колледждің беделін жан-жақты көтеру, жетіспеушіліктердің негізін айқындап, пайда болуын ескерту және жою, колледж құрылысындағы оқу-тәрбие процесін жетілдіру жолдарын іздестіру, озық тәжірбиелерді насихаттау мен тарату, оқушылар мен қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту және қатаң тәртіпті бекіту.

#### 2. Колледжішілік бақылаудың басты міндеттері:

- Үкіметтің, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының қаулылары мен бұйрықтарын жүйелі орындау, колледжде мамандарды дайындауда сапалылықты арттыру және оқу-тәрбие жұмысын жақсарту;
- Колледждің барлық бөлімшелері маңызды мәселелер мен бақылауларды шешудің жаңаша түрлерін игеру мақсатында жұмыс сапасының тиімді жақтарын үнемі іздестіру;
- Сабақ беруде жаңашыл әдіс-тәсілдер мен технологияларды пайдалануды, кабинеттің жабдықталуын бақылау;
- Колледж мүлігін ұқыпты ұстау және қорғау;
- Өз мамандығын құрметтейтін білікті мамандар дайындау.

#### 3. Колледжішілік бақылауды ұйымдастыру және оның құрылысы

1. Колледжішілік бақылау ісі колледж қызметкерлері мен және қоғамдық мекемелермен жүзеге асырылады, оларға негізгі құқықтар мен міндеттер берілген.  
Бақылау жүйесінің жұмысына колледж директоры, ОІЖ, ОТЖ, ОӨШ, ОБӘ, ШМ және бірлестік жетекшілері, психолог, дене тәрбиесінің оқытушысы, кітапхана, асхана меңгерушілері, коменданттар мен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы жауапты. Колледжішілік бақылауды бірден бір ұйымдастырушысы директордың оқу-ісі жұмысы жөніндегі орынбасыры болып табылады.
2. Бақылаудың жоспарын және мәселерін дайындау, әдістемелік материалдарды талапқа сай әзірлеуді ұйымдастыру комиссиясы құрайды.

**Құрамында:**

1. Канымбаев А.С. – колледж директоры, төраға
2. Туралин К.А. - оқу- ісі жөніндегі орынбасары
3. Мырзағали М.Б. - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
4. Байнахатов С.Ж. - оқу өндіріс шебері;
5. Жолманова Г.Ж. - оқу бөлімінің әдіскері;
6. Досмуратов А.Д. - психолог;

**3. Әдістемелік- ұйымдастыру комиссиясы мынадай қызметтерді атқарады:**

- а) бақылау жоспарының жылдық және ағымдағы тексеру бағыттарын жасауға қатысады;
- б) тексеру жоспарларын үйлестіреді және талдайды;
- в) колледжішілік бақылауды сараптайды;
- г) алдағы тексерістің бағытын, бағдарламасын және әдістемелік нұсқауын дайындап директордың бекітуіне ұсынады;
- д) директордың өкімімен бірлестіктерді тексеруде комиссияға әдістемелік көмек беруді ұйымдастырады;
- е) оқу- тәрбие процесінің тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында тексерісті ұйымдастырудағы өзара тәжірбие алмасу отырысына қатысады;
- ж) басқа оқу орындарындағы колледжішілік бақылаудың озық тәжірбиелерімен танысады;
- з) педагогикалық кеңес отырысында тексеріс нәтижесін жариялайды.

**4. Бақылауды жүргізу:**

1. Бақылаудың әдістері мен түрлерін және мазмұнын анықтайтын негізгі құжат бағдарлама болып табылады. Оған бақылаудың мерзімі мен мақсаты, жүргізудің әдіс-тәсілдері және негізгі мәселелер кіреді.
2. Бақылауды жүргізер алдында колледждің директоры және директор орынбасары бақылау жүргізушілерді анықтап, оларға бақылау аймағы, талаптары, әдіс-тәсілі, нәтижені рәсімдеу және аяқтау тәртібі туралы алдын-ала мағлұмат береді.
3. Бақылау жүру кезеңінде талапкершілдік және сыпайылықты қамтамасыз ететін іскерлік қарым-қатынас орнатылуы керек.
4. Колледж директоры бақылау материалдарының, өткізілген іс шаралардың жоспарының нәтижелерінің сапалы орындалуын бақылайды.
5. Бақылаудың нәтижелері өндірістік жиналыста, педагогикалық кеңес отырысында талқыланады.

**5. Колледжішілік бақылаудың мақсаты мен түрлері:**

2021-2022 оқу жылындағы колледжішілік бақылаудың мақсаты мен объектісі төмендегідей бағыттардан тұрады:

**А) Оқу- әдістемелік және тәрбие жұмысы:**

<b>№</b>	<b>Бақылау объектісі</b>	<b>Бақылау мақсаты</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Бақылау жүргізушілер</b>	<b>Есеп беруші</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>
1	Бірлестік комиссиясының жұмыс журналы	Жұмыс жоспарының орындалу өзектілігі, отырыс хаттамасының сапалылығы.	2 айда 1 рет	Директордың оқу-ісі жұмысы жөніндегі орынбасары және бірлестік жетекшілері, әдіскер.	Туралин К.А.
2	Бірлестік комиссиясының отырысы	Әдістемелік жұмыстың жағдайы, қойылған мәселенің орындалуы, оқытушылардың қатысымы.	2 айда 1 рет	Директордың ОІЖ орынбасары және бірлестік жетекшілері, әдіскер	Жолманова Г.Ж.
3	Оқытушылардың өзара сабаққа қатысу кестесі	Сабаққа қатысу жиелілігі, оны сараптаудың сапасы мен тереңдігі.	2 айда 1 рет	Директордың ОІЖ орынбасары және бірлестік жетекшілері, әдіскер	Жолманова Г.Ж.
4	Сабақ және зертхана-тәжірбиелік сабақтар	Білімнің сапасы, конспектілеудің жаңа үлгісі, пәнаралық байланыс, сабақ көрнекілігі мен техникалық жабдықталуы, әдіс-тәсілі, іс-тәжірбие үйрену.	2 айда 1 рет	Директордың ОІЖ, оқу өндіріс шебері және бірлестік жетекшілері, әдіскер.	Бірлестік жетекшілері
5	Оқытушылардың күнтізбелік-тақырыптық және сабақ жоспарлары	Сабақ жоспарының күнтізбелік жоспарымен сәйкестенуі, сабақ жоспарының сапасы мен әдістемелік талаптарға сай келуі.	Күнделікті	Директордың ОІЖ орынбасары, оқу өндіріс шебері, және бірлестік бірлестік жетекшілері, әдіскер.	Жолманова Г.Ж.
6	Білім деңгейін аралық бақылау	Оқушылардың білім деңгейін, білім беру сапа көрсеткішін жоғары деңгейде ұстап отыру.	2 айда 1 рет	Директордың ОІЖ орынбасары және бірлестік жетекшілері	Туралин К.А.

7	Оқытушылардың оқу журналдарын жүргізуін бақылау. Plantonus жүйесінің толтырылуы.	Баға қорлары, сабақ сұрау жиелілігі, күнтізбелік-тақырыптық жоспармен жазбаның сәйкестенуі.	Айына 1 рет	Директордың ОІЖ, ТІЖ орынбасары және бірлестік бірлестік жетекшілері, әдіскер.	Туралин К.А.
8	Қосымша сабақтар мен консультациялар	Қатысым кестесінің болуы, білім сапасы, жұмыс есебі мен нәтижесі.	2 айда 1 рет	Бірлестік жетекшілері, директорың ОІЖ орынбасарлары	Туралин К.А.
9	Зертханалық жұмыстың есебі	Зертханалық талаптардың орындалуы, оқытушылардың талдамасы.	Оқу жоспарына сәйкес айына 1 рет	Директордың ОІЖ, оқу өндіріс шебері және бірлестік жетекшілері	Бірлестік жетекшілері
10	Емтихан сессиялары мен мемлекеттік емтихандар	Рұқсат қағазы және бұйрықтың болуы, емтиханды жүргізу және ұйымдастыру талаптары нұсқаудың орындалуы, оқушылардың білім сапасы.	Әрбір сессия кезінде	Директордің ОІЖ орынбасары, бірлестік бірлестік жетекшілері, әдіскер, оқу өндіріс шебері.	Туралин К.А.
11	Мекемелермен, Халыққа қызмет көрсету орталығымен байланыс, келісім-шарттар. Жұмысқа орналасу көрсеткіштері	Келісім-шарттар. Практика есебі. Жұмысқа орналасуға ықпал ету. Мекемелермен жұмысты күшейту.	2 айда 1 рет	Директордың ОІЖ, оқу өндіріс шебері және бірлестік жетекшілері	Байнахатов С.Ж.
12	Сабақтың өтілуін тексеру	Сабақтың басталуы мен аяқталуы, сабаққа оқытушылар мен оқушылардың кешігуі	Күн сайын	Директордың ОІЖ, ТІЖ орынбасары, бірлестік жетекшілері	Туралин К.А.
13	Коледждің тәрбие жұмысы. Оқушылардың психологиялық тұрақтылығы	«Білім туралы Заңның», ҚР Президентінің жарлықтары, Үкімет қаулысының, ҚР Білім және ғылым министрлігінің талаптарына сай жұмыс жоспарының болуы. Жұмыс жоспарының болуы және орындалуы. Психологиялық тұрақтылық.	Жарты жылдықта 1 рет	Директордың ОІЖ, ТІЖ орынбасары, топ кураторлары, психолог	Мырзағали М.Б. Досмуратов А.Д.

	Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің алдын алу	Студенттерге зорлық – зомбылық тақырыбында колледжде, қоғамдық жағдайында баланың қатеріне сала отырып, оқушыларға зорлық – зомбылық туралы мағлұмат беру, ол адамның ең жаман қасиеті екенін түсіндіру.	Айына 1 рет	Директордың ТІЖ орынбасары, топ кураторлары, оқу өндіріс шеберлері, психолог	Досмуратов А.Д.
	Колледжішілік есепте тұрған студенттермен алдын алу жұмысы	Есепте тұрған студенттерді ерекше назарға алып, оларды мәдени іс-шараларға, спорттық үйірмелерге, секцияларға тартып, студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану жұмыстарын жүргізу	Айына 1 рет	Директордың ТІЖ орынбасары, топ кураторлары, оқу өндіріс шеберлері, психолог	Мырзағали М.Б. Досмуратов А.Д.
14	Топ кураторларының журналы, тәрбие сағаттарының жұмысы, ашық сабақтар, семинарлар мен конференциялар	Жұмыс жоспарының болуы және орындалуы, кластан тыс сабақтың тақырыбы, оқушылармен жеке жұмыс, ата-аналармен байланыс, оқушылардың тапсырмаларды орындауын бақылау.	Айына 1 рет	Директордың ОІЖ, ТІЖ орынбасары, топ жетекшілері және бірлестік жетекшілері	Мырзағали М.Б.
15	Көркемдік үйірмелер және техникалық шығармашылық	Жұмыс жоспары, жұмыс кестесі, қатысушылар тізімі, қатысым, білім сапасы, идеялық бағыт және өзектілігі, жүргізілген жұмыстың тиімділігі.	2 айда 1 рет	Директордың ТІЖ орынбасары, топ кураторлары, жастар ісінің комитеті	Мырзағали М.Б.
16	Жатақхана	Тәрбие жұмыс жоспарының орындалуы, тәрбиешінің жұмысы, класс жетекшілер мен оқытушылардың жатақханаға келуі. Студенттер кеңесінің жұмыс жоспары, оқушының күн тәртібінің орындалуы, ғимарат пен бөлменің тазалығы.	Айына 1 рет	Директордың ТІЖ орынбасары, топ кураторлары, психолог, мед. қызметкер, шаруашылық меңгерушісі.	Мырзағали М.Б.
17	Кітапхана жұмысы	Жұмыс жоспары, орындалуы, оқу және тәрбие әдебиеттерімен қамтылуы, жатақхана мен оқырман залындағы жұмыс, абонементтің жұмысы, оқырман залының	Жарты жылдықта 1 рет	Директор, кітапхана меңгерушісі.	Боханова В.Т.

		жабдықталуы, кітапхана қызметкерлерінің кластан тыс шараларға қатысуы.			
<b>Б) Оқу - өндірістік жұмысы</b>					
18	Зертхана және кабинеттер	Кабинет құжаты, жұмыс жоспары, кабинеттің жұмыс жоспарының орындалуы, қауіпсіздік ережесі, көрнекіліктер мен құралдардың болуы, мүліктің дұрыстығы және техникалық қауіпсіздік ережелерінің болуы.	2 айда 1 рет	Әдіскері, бірлестік жетекшілері, оқу өндіріс шебері.	Байнахатов С.Ж.
19	Оқу шеберханасы	Оқу жоспарына сәйкес шеберхананың жабдықталуы, техникалық қауіпсіздік журналының болуы, сабаққа қатысым, оқу бағдарламасының орындалуы, оқушының сырқы келбеті, жұмыстың сапалы орындалуы. Жылдық даму жоспары.	Айына 1 рет	Әдіскері, бірлестік жетекшілері, оқу өндіріс шебері.	Байнахатов С.Ж.
